

Abai University

БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІНІҢ НҰСҚАУШЫСЫ

Біздің мақсатымыз – сізге университет ортасына оңай бейімделу, негізгі ресурстар мен мүмкіндіктер туралы білу, сондай-ақ табысты оқу мен студенттік өмірге алғашқы қадамдар жасауға көмектесу.



www.kaznpu.kz

2025

МАЗМҰНЫ

Құттықтау сөз

Университет туралы

Тарих

Миссия

Рейтингтер

Оқу ғимараттарына шолу

Жатақханаларға шолу

Академиялық мәселелер

Академиялық күнтізбе

Студенттік күнтізбе

Кредиттік технологиялар

Білім беру жолын таңдау

Жеке оқу жоспары

Тіркеу тәртібі

Оқу жетістіктерін бақылау және бағалау

Академиялық қарызды жою

Жазғы семестрді ұйымдастыру және аяқтау

Ұйымдастыру және тәжірибе

www.kaznpu.kz



Білім беру

Қазақстан тарихынан мемлекеттік емтихан

Ауысу және қайта оқуға қабылдау

Оқудан шығу

Академиялық демалыс

Шәкіртақы мен оқу ақысын төлеу

Оқу бөлімшелеріне қабылдау ережелері

Студенттік өмір

Денсаулық және қауіпсіздік

Әскери кафедра

Спорт және шығармашылық

Байланыстар



ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Құрметті бірінші курс студенттері,

Сіздерді Abai University қабырғасында қарсы алуға қуаныштымыз! Бұл - көптеген өзгерістер мен мүмкіндіктерге толы өміріңіздің жаңа кезеңінің бастамасы. Сізге университеттегі оқуды сәтті бастауға оқытушыларымыз қолдау көрсетуге әрқашан дайын.

Abai University-де білім алу сізге жаңа көкжиектерді ашады. Сіз құнды дағдыларды меңгеріп, кең кәсіби перспективаларға ие боласыз. Біздің университеттің дипломы халықаралық деңгейде мойындалып, шетелде білім алып, жұмыс істеу мүмкіндігін береді. Университеттің 95 жылдық тарихы бар, ал оның түлектері еңбек нарығында үлкен құрметке ие.

Қадамдарыңызға сәттілік тілеймін!
Басқарма төрағасы - Ректор

Болат Тілеп



УНИВЕРСИТЕТ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Abai University еліміздегі алғашқы жоғары оқу орны болып табылады.
Abai University – білім, ғылым және мәдениет саласының ірі орталығы,
Қазақстанның жетекші университеттерінің бірі .

1928 жылғы 1 қазан – Қазақ мемлекеттік университетінің құрылуы.

1930 жылы – Қазақ мемлекеттік университеті Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазПИ) болып қайта құрылды.

1935 жылы – Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты ұлы қазақ ағартушысы Абайдың есімі берілді.

1990 жылы – Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті болып қайта құрылды.

2003 жылғы желтоқсан – ҚР Үкіметінің 2003 ж. 26 қыркүйектегі № 1201 қаулысымен «Абай атындағы «Алматы мемлекеттік университеті» ЖАҚ ҚР Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық қызмет ету құқығындағы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта құрылды (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Миссия

Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді дайындаймыз.

Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз.

Рейтинги



THE Impact Rankings 2024
В мире **1001-1500** место
В Казахстане **4** место



QS WUR 2025

В мире **671-680** место
В Казахстане **5** место



QS WUR Sustainability 2024

В мире **1101-1150** место
В Казахстане **7** место



UI GreenMetric 2023

В мире **822** место
В Казахстане **10** место



QS WUR ASIA 2024

В Азиатском регионе **146** место
В Казахстане **5** место

"БІЛІМ БЕРУ" МЕКТЕБІ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында
Астана қаласы

Білім беру мектебінің құрылу тарихы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірлесіп 2024 жылы педагог кадрларды даярлау мақсатында Консорциум құрған болатын. Осы Консорциум негізінде "Білім беру" мектебі құрылып, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің №4 ғимаратында орналасқан.

Оқу ғимараттары

Адольф Янушкевич көшесі 6

Жатақханалар

Ықылас Дүкенұлы, 29
Бердібек Соқпақбаев, 19\1

№	Атауы	Мекен -жайы, баланыстар	Жауапты тұлға
1	Оқу ғимараттары	Адольф Янушкевич көшесі, 6 ұйялы телефон: +7 775 115-20-85	Тоқмурзаев Бақыт Салманұлы Омаров Саят Кусаинович
2	Жатақханалар	Ықылас Дүкенұлы, 29 Бердібек Соқпақбаев, 19\1	Жанғозина Ира Бауыржанқызы
3	Студенттерге қызмет көрсету орталығы (анықтамалар беру, көлік карталарын беру және т.б.)	-	-
4	медпункт	-	-
5	Әскери кафедра	-	-

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Құрметті бірінші курс студенттері,


Сіздерді Астана қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің "Білім беру" факультетінде қарсы алуға қуаныштымын. Біздің факультет болашақ педагогтарды даярлауда жоғары деңгейдегі білім мен тәжірибені ұсынады. Сіздермен бірге алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетеміз деп сенемін.

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

Нарбекова Бану Мұқатайқызы



КАМПУС ЖӘНЕ ОҒАН ШОЛУ



6 ОҚУ ҒИМАРАТЫ

БАС ОҚУ ҒИМАРАТЫ

Ректорат
Әкімшілік
Шағын және үлкен акт залы
Мұражай
Академиялық мәселелер
жөніндегі департамент
Халықаралық
ынтымақтастық
департаменті
Филология факультеті

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

Тәрбие, әлеуметтік
жұмыстар және жастар
саясаты жөніндегі
департамент

7 ОҚУ ҒИМАРАТЫ

СОРБОННА-ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ

Сорбонна-Қазақстан
институты
Лотарингия филиалы
Кофехана

2 ОҚУ ҒИМАРАТЫ

ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Өнер факультеті
Шеберханалар
Кофехана

1 ОҚУ ҒИМАРАТЫ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Студенттерге қызмет
көрсету орталығы
Жаратылыстану және
география факультет
Асхана


3 ОҚУ ҒИМАРАТЫ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

КАМПУС ЖӘНЕ ОҒАН ШОЛУ

5 оқу ғимараты

Математика, физика
және информатика
факультеті
Ғылыми кітапхана
Асхана



1 О оқу ғимараты

Тарих және құқық
факультеті
Конференция залы
Асхана



5 жатақхана

Тарих және құқық
факультеті
Математика, физика және
информатика факультеті



КАМПУС ЖӘНЕ ОҒАН ШОЛУ

11 оқу ғимараты

Әуезов атындағы оқу-спорт
кешені
Әскери кафедра
Дене шынықтыру және
алғашқы әскери дайындық
факультеті

№1 жатақхана

Өнер факультеті
Дене шынықтыру және
алғашқы әскери
дайындық факультеті

№2 жатақхана



Жаратылыстану және
география факультеті

№3 жатақхана

Филология факультеті

№8 жатақхана

Педагогика және
психология факультеті
Математика, физика және
информатика факультеті



АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

2025/2026 оқу жылының академиялық күнтізбесі
(академиялық күнтізбені Абай атындағы ҚазҰПУ сайтынан қараңыз)

Курстар/ Курсы	1 курс СО	2 курс СО, 1 курс СПО	3 курс СО 2 курс СПО	3 курс СПО	4 курс СО
Барлық факультеттар (педагогикалық мамандықтар, күндізгі оқу бөлімі)/ Все факультеты (педагогические специальности, очная форма)					
Осенний семестр					
Бағдарлау аптасы/ Ориентационная неделя	25.08-30.08.25	25.08-30.08.25	25.08-30.08.25	18.08- 23.08.25	18.08- 23.08.25
Күзгі семестр/ Осенний семестр	01.09-13.12.25 (15 нед.)	01.09-13.12.25 (15 нед.)	06.10-13.12.25 (10 нед.)	25.08-27.09.25 (5 нед.) 10.11.-13.12.25 (5 нед.)	25.08-27.09.25 (5 нед.) 10.11.-13.12.25 (5 нед.)
Межелік бақылау-1/ Рубежный контроль-1	20.10-25.10.25 (8-я нед.)	20.10-25.10.25 (8-я нед.)	03.11-08.11.25 (5-я нед.)	22.09-27.09.25 24.11.-29.11.25	22.09-27.09.25 24.11.-29.11.25
Межелік бақылау-2/ Рубежный контроль-2	08.12-13.12.25 (15-я нед.)	08.12-13.12.25 (15-я нед.)	08.12-13.12.25 (10-я нед.)	20.10-25.10.25 08.12-13.12.25	20.10-25.10.25 08.12-13.12.25
Аралық аттестаттау/ Промежуточная аттестация	15.12-30.12.25 (2 нед.)	15.12-30.12.25 (2 нед.)	15.12-30.12.25 (2 нед.)	29.09-04.10.25 (1 нед.) 15.12-20.12.25	29.09-04.10.25 (1 нед.) 15.12-20.12.25
Қысқы каникулдар/ Зимние каникулы	01.01-17.01.26 (3 нед.)	01.01-17.01.26 (3 нед.)	01.01-17.01.25 (3 нед.)	01.01-10.01.26 (2 нед.)	01.01-10.01.26 (2 нед.)
Тәжірибе/ Практика	06.04.-18.04.26 (2 нед.) ¹ 04.05-14.05.26 (2 нед.) 25.05-06.06.26 (2 нед.)	01.09-13.12.25 (15 нед.) ² 19.01-02.05.26 (15 нед.) ³ 25.05-06.06.26 (2 нед.)	01.09-27.09.25 (4 нед.) 29.09-04.10.25 (отчет) 25.05-06.06.26 (2 нед.)	06.10.-08.11.25 (5 нед.) 12.01.-16.05.26 (18 нед.)	06.10.-08.11.25 (5 нед.) 12.01.-16.05.26 (18 нед.)
Весенний семестр					
Көктемгі семестр/ Весенний семестр	19.01-02.05.26 (15 нед.)	19.01-02.05.26 (15 нед.)	19.01-02.05.26 (15 нед.)		
Межелік бақылау-1/ Рубежный контроль-1	09.03-14.03.26 (8-я нед.)	09.03-14.03.26 (8-я нед.)	09.03-14.03.26 (8-я нед.)		
Пәндерге тіркеу/ Регистрация на дисциплины 2025/2026уч.г.	30.03-11.04.26 (2 нед.)	30.03-11.04.26 (2 нед.)	30.03-11.04.26 (2 нед.)	-	-
Межелік бақылау-2/ Рубежный контроль-2	27.04-02.05.26 (15-я нед.)	27.04-02.05.26 (15-я нед.)	27.04-02.05.26 (15-я нед.)		
Аралық аттестаттау/ Промежуточная аттестация	04.05-23.05.26 (3 нед.)	04.05-23.05.26 (3 нед.)	04.05-23.05.26 (3 нед.)		
Қорытынды аттестаттау/ Итоговая аттестация	-	-	-	25.05-27.06.26 (5 нед.) 12.01.25-14.02.26 (5 нед.)	25.05-27.06.26 (5 нед.) 12.01.25-14.02.26 (5 нед.)
Жазғы семестр/ Летний семестр	01.06-11.07.26 (6 нед.)	01.06-11.07.26 (6 нед.)	01.06-11.07.26 (6 нед.)	-	-
Жазғы каникулдар/ Летние каникулы	01.07-22.08.26	01.07-22.08.26	01.07-22.08.26	-	-

¹ Практика (1 неделя без отрыва +1 неделя с отрывом от занятий)
² Практика (5 дней теоретическое обучение, 1 день учебная практика)
³ Практика (5 дней теоретическое обучение, 1 день учебная практика)

2025/2026 оқу жылының академиялық күнтізбесі
(академиялық күнтізбені Абай атындағы ҚазҰПУ сайтынан қараңыз)

Курстар/ Курсы	1,2 курс СО, 1 курс СПО	3,4 ¹ курс СО, 2 курс СПО	4,5 ² курс СО 3 курс СПО
Барлық факультеттар (педагогикалық емес мамандықтар, күндізгі оқу бөлімі)/ Все факультеты (непедагогические специальности, очная форма)			
Күзгі семестр/ Осенний семестр			
Бағдарлау аптасы/ Ориентационная неделя	25.08-30.08.25	25.08-30.08.25	25.08-30.08.25
Күзгі семестр/ Осенний семестр	01.09-13.12.25 (15 нед.)	01.09-13.12.25 (15 нед.)	01.09-13.12.25 (15 нед.)
Межелік бақылау-1/ Рубежный контроль-1	20.10-25.10.25 (8-я нед.)	20.10-25.10.25 (8-я нед.)	20.10-25.10.25 (8-я нед.)
Межелік бақылау-2/ Рубежный контроль-2	08.12-13.12.25 (15-я нед.)	08.12-13.12.25 (15-я нед.)	08.12-13.12.25 (15-я нед.)
Аралық аттестаттау/ Промежуточная аттестация	15.12-30.12.25 (2 нед.)	15.12-30.12.25 (2 нед.)	15.12-30.12.25 (2 нед.)
Қысқы каникулдар/ Зимние каникулы	01.01-17.01.26 (3 нед.)	01.01-17.01.26 (3 нед.)	01.01-10.01.26 (2 нед.)
Көктемгі семестр/ Весенний семестр			
Көктемгі семестр/ Весенний семестр	19.01-02.05.26 (15 нед.)	19.01-02.05.26 (15 нед.)	12.01.-14.02.26 (5 нед.)
Тәжірибе/ Практика		25.05-06.06.26 (2 нед.)	23.02-18.04.26 (8 нед.) 20.04-16.05.26 (4 нед.)
Межелік бақылау-1/ Рубежный контроль-1	09.03-14.03.26 (8-я нед.)	09.03-14.03.26 (8-я нед.)	26.01.-31.01.2026
Пәндерге тіркеу/ Регистрация на дисциплины 2025/2026 уч.г.	30.03-11.04.26 (2 нед.)	30.03-11.04.26 (2 нед.)	
Межелік бақылау-2/ Рубежный контроль-2	27.04-02.05.26 (15-я нед.)	27.04-02.05.26 (15-я нед.)	09.02.-14.02.2026
Аралық аттестаттау/ Промежуточная аттестация	04.05-23.05.26 (3 нед.)	04.05-23.05.26 (3 нед.)	16.02.-21.02.2026
Қорытынды аттестаттау/ Итоговая аттестация	-	-	25.05-27.06.26 (5 нед.) 12.01.25-14.02.26 (5 нед.)
Жазғы семестр/ Летний семестр	01.06-11.07.26 (6 нед.)	01.06-11.07.26 (6 нед.)	-
Жазғы демалыс/ Летние каникулы	01.07-22.08.26	01.07-22.08.26	-

¹ 4 курс специальностей 5В042100-Дизайн, 5В041400-Графика, 5В041300-Живопись
² 5 курс специальностей 5В042100-Дизайн, 5В041400-Графика, 5В041300-Живопись




СТУДЕНТТІК КҮНТІЗБЕ
2025/2026 ОҚУ ЖЫЛЫ



Іс-шаралар

күндер

«Абай дара, Абай дана қазақта» республикалық жастар мүшайрасы	07.08.2025
Адаптациялық кезең (1 курс студенттері)	01.09.2025
«Заң мен тәртіп» акциясы	Жыл бойы
Республикалық студенттік еріктілер форумы	15.10.2025
«Үздік жатақхана - 2025» байқауы	20.10.2025
«Абай vs Фрейд» психологиялық дебат	25.10.2025
«Толық адам» ілімі кітабы тұсаукесері, аудитория ашылуы, симпозиум	28.10.2025
«Айтыстың айбыны» шығармашылық кеш	05.11.2025
Банк қызметкерлерімен кездесу (оқу төлемі)	12.11.2025
«Ұлттық қор - балаларға» жобасы (Отбасы банк)	05.12.2025
«Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық айтыс	10.12.2025
«Оян қазақ!» театралды қойылым	20.12.2025
«Көшпенділер психологиясы» мастер-класс	15.02.2026
«Құқықтық сауат – өмірлік қорған» дәрісі	20.02.2026
«ABAI ART» этно-арт-терапия	10.03.2026
«Алғыс айтамын!» видеоролик челленджі	15.03.2026
Жатақханаға өтініш қабылдау	20.03.2026
«Жылы жүрек» қайырымдылық жәрмеңкесі	05.04.2026
«Есірткі қауіпі мен салдары» түсіндірме жұмысы	10.05.2026
«Зұлмат жылдар» құрбандарын еске алу	31.05.2026
«Абай шыңына өрлеу» трекинг	05.08.2025
«1 қыркүйек - Білім күні» салтанатты шара	01.09.2025
«UNISyle: Жаңа толқын!» қабылдау кеші	20.09.2025
«Ұстаздар күні» салтанатты шара	05.10.2025
«Менің Қазақстаным» марапаттау шарасы	25.10.2025
«Қылмыстың жазасы бар» профилактикалық кездесу	28.10.2025
Жатақханааралық спорттық шаралар	05.11.2025
Күзгі студенттік апталық	15.11.2025
«Абай әлемі» өнер байқауы	25.11.2025



СТУДЕНТТІК КҮНТІЗБЕ
2025/2026 ОҚУ ЖЫЛЫ



Іс-шаралар

күндер

«Буллингпен күрес» психологиялық тренинг	20.02.2026
«Сенің дауысың – маңызды» психодрама	10.12.2025
Кибербуллингке қарсы челлендж	15.12.2025
Шетелдік студенттер жарысы	20.12.2025
«Тәуелсіздік - ел тірегі» мерекелік шара	16.12.2025
Студенттердің күйзеліс тесті (А.Т. Бек)	15.01.2026
«АТАМЕКЕН CUP» пікірсайыс турнирі	20.02.2026
«Студент және сахна» республикалық байқауы	25.02.2026
8 наурыз мерекелік іс-шара	08.03.2026
«Әз-Наурыз» мерекелік шара	22.03.2026
«Мерейлі Наурыз» байқауы	25.03.2026
«Алтын сақа» студенттік апталығы	05.04.2026
«Ерлікке тағзым» шарасы	09.05.2026
«International Culture Day»	15.05.2026
«Абай түлегі – 2026» диплом табыстау	01.07.2026
Психологиялық тренингтер сериясы	Жыл бойы
Алматы театрларына саяхат	Жыл бойы
Алматы музейлеріне саяхат	Жыл бойы
Студенттік клубтар жәрмеңкесі	10.09.2025
Студенттік ректорат сайлауы	15.09.2025
ЖІБ және студенттік деканат белсенділерін таныстыру	20.09.2025
1 курс студенттерінің бейімделу сауалнамасы	10.10.2025
«Әр тілде Абайды сөйлет!» байқауы	10.12.2025
«Жыл үздігі – 2025» қорытынды кеші	20.12.2025
Студенттік активтердің жиналысы	15.01.2026
«Абай аруы мен сұлтаны - 2026» байқауы	10.04.2026
«Ұлы жібек жолымен» тарихи саяхат	20.03.2026
«Асыл мұра» мектеп оқушыларының Абай оқулары	25.04.2026
«Абай үміті» байқауы	01.06.2026

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері

Оқытудың кредиттік технологиясы – даралану, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылық пен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Оқу жылы 36 апта		
01	02	03
30 апта теориялық оқыту 15 апта – күзгі семестр 15 апта – көктемгі семестр	6 апта қорытынды бақылау (әр семестрде 1-3 аптадан	ДЕМАЛЫС қыста - 2 немесе 3 апта жазда - 7-8 апта
АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ 1 семестр - 15 апта Оқу жылы ішінде 2 семестр: күзгі және көктемгі (Жазғы семестр-қосымша)	2 АТТЕСТАТТАУ 8-ші апта (midterm) 15-апта (end-of-семестр)	1 ҚОРЫТЫНДЫ бақылау / емтихан (final)



Білім алушылардың

Білім алушылардың оқу жүктемесі академиялық сағаттың ұзақтығымен (50 минут) және дене шынықтыру сабақтарынан басқа, оқу жұмысының әртүрлі түрлері үшін академиялық сағаттармен бірге жүретін қосымша оқу сағаттарының көлемімен айқындалады.

Аудиториялық жүктемеден басқа жалпы оқу жүктемесі білім алушының өздік оқу жұмысының: эссе, реферат, курстық жұмыс (жобалар), зертханалық жұмыстар, ағымдық, аралық және қорытынды бақылаудың түрлері бойынша дайындық жұмыстар, материалды жинау және диплом жұмысын (жобаны) жазу тәрізді түрлерін қамтиды.

Бакалавриатта оқуды аяқтау үшін міндетті шарттардың бірі студенттің теориялық оқытудың 240-тан кем емес кредитті, практика түрлері бойынша кредиттерді, мамандықтың ҚР МЖМБС сәйкес қорытынды аттестаттауын меңгеру болып табылады. Әдеттегідей, бакалавриаттың бағдарламалары бойынша тиісті кредиттердің меңгерілуі төрт оқу жыл ішінде жүзеге асырылады

Білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауы

Білім алушы академиялық жетекшісі – эдвайзердіңкөмегімен оқытудың жеке траекториясын қалыптастырады.

Тіркеуге жіберу үшін төмендегілер негіз бола алады:

- қандай да бір пәнді меңгеруге қажетті барлық пререквизиттерді өту;
 - оқу ақысы бойынша қаржы қарызының жоқтығы;
-
- білім алушылардың кешенді медициналық қараудан өтуі (бір оқу жылында бір реттен кем емес).
 - білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушы жеке оқу жоспарында көрсетілген міндетті және элективті пәнді таңдап алуы тиіс
-
- Пәндерді таңдау оларды оқытудың бірізділігін ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.
 - Егер алдыңғы семестрде білім алушы оқу үшін қажетті пререквизиттерді игермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды
-
- Білім алушы мамандық бойынша типтік оқу жоспарында қарастырылған белгілі кредиттер санына тіркелуі тиіс.
 - Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушылары типтік оқу жоспары мен элективтік пәндер каталогы негізінде қажетті кредиттер санын ескере отырып, міндетті және элективті пәндерді таңдайды.
-
- Базалық пәндерді таңдау білім алушының кәсіби бағдарын ескере отырып, жүзеге асырылады, бірақ білім алушының қалауы негізінде ЖОЖ басқа мамандықтар бойынша базалық пәндер блогінде сұранысқа ие болған пәндерді қамти алады.
-
- Ақылы негізде білім алушылар өздерінің төлемге қабілеттілігіне, оқу формасына, жеке қабілеттеріне қарай аз кредит мөлшерінде өздерінің ЖОЖ құра алады, бұл жағдайда оқу мерзімі ұзартылады.

Білім алушының жеке оқу жоспары

білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайтын жеке оқу жоспарын (ЖОЖ), эдвайзердің көмегімен білім алушы өзі әр оқу жылына арнап белгіленген форма бойынша қалыптастырады

- Білім алушы өзінің ЖОЖ-ын құру барысында:
- оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісінің ұйымдастыру ережелерімен танысуы тиіс;
 - оқу пәндері мен ЖОЖ өзгерістерді енгізу бойынша оқу пәндерді тіркеуге бөлінген белгіленген мерзімді сақтауы тиіс;
-
- оқу жылында сәйкесті деңгейдің білім беру бағдарламасын меңгеру үшін кредиттердің белгіленген санынан кем емес кредиттерге жазылуы тиіс.
 - Білім алушы ЖОЖ құру үшін және мамандықтың типтік оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсын толықтай меңгеруге жауапты болады**
-
- ЖОЖ үш данасын факультет бекітеді: бірі – кафедрада сақталып, білім алушылардың кәсіби оқу бағдарламасын орындауы мен меңгеруін бақылауды жүзеге асырудың негізі бола алады, екіншісі – аралық аттестацияны ұйымдастыру үшін тіркеу бөліміне тапсырылады, үшіншісі – білім алушыға беріледі.
-
- академиялық ұтқырлық шеңберінде басқа университеттерде, оның ішінде шетелде белгілі бір пәндерді оқуға құқылы.
 - Белгілі бір пәндерді басқа ЖОО оқыған жағдайда Университеттің тіркеу бөліміне бағалар мен орындалған кредиттер санын көрсете отырып, осы пәндер бойынша транскрипт тапсырады.
-
- білім алушының академиялық ұтқырлық шеңберінде басқа ЖОО-да, оның ішінде шетелде жеке пәндерді меңгеруге құқығы бар.
 - Пәндерді меңгеруге білім алушылардың тіркелуі кафедралар, эдвайзерлердің әдістемелік және кеңес беру көмегімен жұмыс атқаратын тіркеу бөлімі арқылы ұйымдастырылады
-

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

Абай атындағы ҚазҰПУ-не жаңа түскен студенттердің тіркелуі бірінші семестрдің басталуына дейін бағыт беру аптасының ішінде жүргізіледі.



new students

Білім алушылардың бұл категориясы үшін тіркеуге рұқсат етудің негізі университет студенттері қатарына қабылдау туралы бұйрық және семестрге төленетін оқу ақысы (егер білім алушы ақылы бөлімде оқыса) болып табылады.

Университетке жаңадан түскен студенттер үшін Академиялық күнтізбеде мерзімі белгіленген бағыт беру аптасының ішінде оқытудың кредиттік технологиясымен, пәндерге тіркеу процедурасымен жалпы танысу негізінде жүзеге асырылады

Эдвайзерден кеңес алғаннан кейін жаңадан түскен студент пәндерді меңгерудің академиялық мерзімі көрсетілген мерзімде таңдалған пәндерге жазылып, алдағы оқу жылына арналған жеке оқу жоспарын құрады.

Барлық білім алушыларға идентификациялық нөмір ID (логин) беріліп, сол нөмір бойынша ол өзінің жеке оқу жоспарын тіркейді.

Тіркеуге жіберу үшін төмендегілер негіз бола алады:

- қандай да бір пәнді меңгеруге қажетті барлық пререквизиттерді өту;
- оқу ақысы бойынша қаржы қарызының жоқтығы;
- білім алушылардың кешенді медициналық қараудан өтуі (бір оқу жылында бір реттен кем емес).

Студент таңдаған пән бойынша оқуға түспеген жағдайда онда пән ашылмайды және жұмыс оқу жоспарына енгізілмейді, хабарландыру университеттің ақпараттық стенді мен білім беру порталында болады; Осы пәнге оқуға түскен студенттер 30 тамызға дейін ІЕР-ке өзгерістер енгізу туралы өтініш беруі керек.

Тіркеу бөліміне ІЕР тапсырудың соңғы мерзімі Семестрдің 1-ші аптасы.

Пәнді қайталап оқу тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Кредиттік оқыту технологиясы – дараландыруға, оқу траекториясының таңдамалылығына және кредиттер түріндегі игерілген оқу материалының көлемін есепке алуға негізделген білімді шығармашылықпен меңгеру және өз бетінше білім алу деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.

Ұпайдың сандық эквиваленті	Ұпай бойынша алфавиттік жүйесі	% мазмұны	Дәстүрлі бағалау
4,0	A	95-100	«Өте жақсы»
3,67 3,33	A– B+	90-94 85-89	«Жақсы»
3,0	B	80-84	«Жақсы»
2,67 2,33	B– C+	75-79 70-74	«Жақсы»
C	2,0	65-69	«Қанағаттанарлық»
D+ D	1,33 1,0	55-59 50-54	«Қанағаттанарлық»
FX F	0,5 0	25-49 0-49	«Қанағаттанарлықсыз»

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін білім алушылардың білімін бақылаудың төмендегідей түрлері қарастырылған:

- ағымдық бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау.

Білім алушылардың үлгерімінің ағымдық бақылауы, аралық және қорытынды аттесттауы академиялық күнтізбеде бекітілген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

Ағымдық бақылау – бұл пәннің силлабусына сәйкес академиялық кезеңде аудиторлық және аудиториядан тыс сабақта оқытушы өткізетін білім алушының оқу жетістіктерінің жүйелі тексерісі.

Ағымдық бақылаудың бағасы (рейтинг бағасы) дәрісханалық сабақтардағы ағымдық бақылау және аралық бақылау (дәрісханадан тыс сабақтар) бағаларынан шығарылады.

Пәннің оқу бағдарламасы білім алушыларды ағымдық бақылаудың ауызша сұрау, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмаларының презентациясы, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстел, кейс-стади, тесттер және т.б. сан алуан түрлерін анықтайды:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен әдістері білім алушыға оқу пәні бойынша жүргізілетін бірінші сабақта түсіндірілуі қажет.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Қашықтықтан оқыту

Қашықтықтан білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы мониторингі Академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін емтихан сессиясының алдында да, оның барысында да жүзеге асырылады. Бұл ретте қашықтықтан білім алушы білім беру емтихандық сессиясы басталғанға дейін барлық сынақ түрлерін, есептеулер мен графикалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), сондай-ақ үй тапсырмасының жекелеген түрлерін, ӨӨЖ, аралық бақылауды тапсырады. пәннің оқу бағдарламасы

Пайдаланылған платформаны немесе қызметті пайдалана отырып, студентпен тұрақты визуалды байланыс болмаған жағдайда, мұғалім себепсіз сабаққа келмегенін жазады. Техникалық ақаулар туындаған жағдайда студенттің сабаққа нақты қатысуын растау мұғалімнің міндеті болып табылады.

Аралық аттестация

Білім алушыларды аралық бақылауда бағалауды ПОҚ Univer жүйесіндегі ведомосқа аттестаттау аптасынан кейінгі дүйсенбіден кешіктірмей енгізеді.

Семестрлік рейтингтік баллдың қосындысынан 50%-дан төмен жинаған білім алушы аралық аттестацияға жіберілмейді.

Курстық жұмысын (жобаны) қорғамаған студенттер сәйкес пән бойынша аралық аттестацияға жіберілмейді.

Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу қысқы/жазғы сессияда жүргізіледі.

Білім алушылардың аралық бақылауын ұйымдастыру және өткізу Тіркеу бөліміне жүктеледі.

Аралық аттестаттау формалары:

- тестілеу;
- ауызша емтихан;
- жазбаша емтихан.

Шекаралық бақылау

Аралық бақылау – бір оқу пәнінің бөлімін (модульін) аяқтағаннан кейін жүргізілетін оқу жетістіктерін бақылау.

Бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезеңде кемінде екі рет (теориялық оқытудың 8 және 15 апталарында) өткізіледі.

Пәннің ерекшелігіне қарай ағымдық және кезеңдік бақылауларды өткізу формасын оқытушы белгілейді. Пән бойынша силлабустағы оқу жетістіктерінің ағымдағы және кезеңдік мониторингін жүргізу нысандары туралы барлық ақпарат студенттердің назарына семестрдің бірінші аптасында жеткізіледі.

Нәтиже

Үлгерімнің ағымдағы мониторингінің қорытынды нәтижесі (бағыттық рейтингтік бағалау) академиялық кезеңде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қорытындыланады.

Студенттің аралық бағасы UNIVER жүйесіндегі студенттің жеке кабинетіне аттестаттау аптасынан кейінгі дүйсенбіден кешіктірілмей енгізіледі.

Оң рейтингі жоқ (50%-дан төмен) студенттер тиісті пән бойынша аралық аттестацияға жіберілмейді.

Курстық жұмысын (жобаларын) қорғамаған студенттер тиісті пән бойынша аралық аттестациядан өтуге жіберілмейді.

«Абай» атындағы СТИПЕНДИЯ

Оқу жетістіктерін арттыру және ғылыми таланттарды ынталандыру мақсатында Абай университеті 2024 жылдан бері алғаш рет Абай атындағы стипендияны іске қосты. Стипендияны тағайындау үшін студент үміткерлер арасында конкурс жарияланады.



Қажетті құжаттар:

- Мемлекеттік келісімшарт бойынша немесе ақылы негізде оқитын екінші курс студенттері үшін тек «өте жақсы» бағалар (А, А-);
- Стипендия көрнекті академиялық, ғылыми және әлеуметтік жетістіктері үшін беріледі.

Қажетті құжаттар:

- Басқарма төрағасы – университет ректорының атына өтініш;
 - Жеке куәліктің көшірмесі;
 - Академиялық транскрипт;
- жетістіктерін растайтын құжаттардың көшірмелері (дипломдар, сертификаттар және т.б.);
- Жеңілдіктерді растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болса).

Шешім қабылдау:

- Мемлекеттік келісімшарт бойынша немесе ақылы негізде оқитын екінші курс студенттері үшін тек «өте жақсы» бағалар (А, А-);
- Стипендия көрнекті академиялық, ғылыми және әлеуметтік жетістіктері үшін беріледі.

Шәкіртақы төлеу мерзімі мен мөлшері:

- Мемлекеттік келісімшарт бойынша немесе ақылы негізде оқитын екінші курс студенттері үшін тек «өте жақсы» бағалар (А, А-); Стипендия көрнекті академиялық, ғылыми және әлеуметтік жетістіктері үшін беріледі.

Қосымша шарттар:

- Шәкіртақы академиялық демалыстағы студенттерге төленбейді (медициналық себептер бойынша демалыстан басқа).
- Шарттар бұзылса немесе оқудан шығарылса, стипендия тоқтатылады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Емтихан – академиялық кезеңдегі кәсіптік оқу жоспары бойынша студенттің оқу жетістіктерін тексеру нысаны.

Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізу нысаны мен тәртібі академиялық кезеңнің басынан бастап бір айдан кешіктірілмей белгіленеді.

Студенттердің оқу жетістіктерін өлшеудің әртүрлі түрлері қолданылады: тест сұрақтары, билеттер, бақылау жұмыстары (ашық, жабық, құрама, сәйкестік, эссе және т.б.), зертханалық тапсырмалар, есептеулер мен графикалық жұмыстар, курстық жұмыстар және басқа да оқу бағдарламасына сәйкес келетін жұмыстар. тәртіп.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында білім алушылардың білімін бақылау және бағалау бірыңғай есепке алу аспаптары негізінде жүзеге асырылады.

Тест нысанында екі немесе одан да көп пәндер бойынша олардың профилі мен байланысы принципін сақтай отырып, кешенді емтиханды белгілеуге болады.

Тестілеу интерактивті тестілеу түрінде жүзеге асырылады. Интерактивті тестілеу «UNIVER аппараттық-бағдарламалық кешен» негізіндегі компьютер арқылы жүзеге асырылады.

Емтихан ауызша жүргізілген кезде бір күнде екі және одан да көп емтихан тапсыруға жол берілмейді.

Ауызша емтиханды өткізу, сондай-ақ жазбаша емтихан жұмыстарын тексеру үшін комиссияның төрағасы мен мүшелері жетекші профессорлар, доценттер арасынан тағайындалады, біліктілігі берілген оқу пәнінің бейініне сәйкес келеді және, әдетте, берілген академиялық топта (ағында) сабақ жүргізбеген.

Аралық аттестацияның кезеңділігі мен ұзақтығы (кемінде 1 апта) Академиялық күнтізбемен белгіленеді. Емтихан кестесі бекітіледі, ол емтихан сессиясы басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей студенттер мен оқытушылардың назарына жеткізіледі.

Емтихандық сессияға факультет деканының жалпы бұйрығымен оқу ақысы бойынша берешегі, пререквизиттері бойынша академиялық қарызы жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ емделмеген студенттер жіберіледі;

Емтихан сессиясына жіберу

Екінші кезең: тіркеу бөлімі оқу үлгерімінің ағымдық және межелік бақылау нәтижелері бойынша анықталған жіберу рейтингін бағалау негізінде пән бойынша емтиханға автоматты түрде жіберуді қамтамасыз етеді.

Студенттер барлық емтихандарды бекітілген пәндердің оқу жоспарына сәйкес жеке оқу жоспарына сәйкес қатаң түрде тапсыруы керек, білім берудің барлық нысандары үшін бірыңғай үлгіде.

Ерекшеліктер: сырқатына, отбасылық және жұмыс жағдайына байланысты, егер студентке жеке кесте бойынша сессиядан өту үшін растайтын құжаттар ұсынылса, рұқсат етіледі.

Оң баға алу үшін студент ақылы негізде келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша жұмыс оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан қатысады, оқуға қабылдауды қабылдайды және қорытынды тестілеуді тапсырады.

Аралық аттестаттау (емтихан) бойынша оң бағалар жинақталған кредиттер көрсетіле отырып, оқу пәні бойынша емтихан ведомосіне және баға кітапшасына жазылады. F «қанағаттанарлықсыз» бағасы емтихан хаттамасына ғана қойылады.

Апелляция білім алушының бастамасымен төмендегідей жағдайда өткізіледі:

- тест тапсырмалары немесе емтихан сұрақтары қате құрастырылған болса;
- тест тапсырмаларының бірнеше дұрыс жауабы болса;
- тест тапсырмаларында дұрыс жауабы болмаса;
- тест тапсырмалары бірдей сұрақтардан құралса;
- тест тапсырмалары немесе емтихан сұрақтары типтік оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін болса.

Әрбір пән бойынша емтиханды тапсырғаннан кейін студентке оның оқу жетістіктерін бағалау қызметін атқаратын қорытынды баға қойылады.

Есептеу формуласы

Қорытынды баға төмендегідей формуламен есептеледі:

$$И = \frac{P1 + P2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4$$
 күндізгі оқу түрі үшін

И = Рх0,6 + Эх0,4 (қашықтан оқу түрі үшін), оның ішінде

И – пән бойынша қорытынды баға;

P1 – күндізгі бөлім студенті үшін бірінші рейтинг бағасы;

P2 – күндізгі бөлім студенті үшін екінші рейтинг бағасы;

Э – пән бойынша емтихан бағасы.

Әр пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі рұқсат рейтингісі бағасы және қорытынды бақылау бағасынан қалыптасатын қорытынды бағасымен анықталады.

Үлгерімнің ағымдық бақылау бағасы (рұқсат рейтингі) пән бойынша білімдердің қорытынды бағасының 60%-дан кем емес және емтихан бағасы пән бойынша білімдердің қорытынды бағасының 40%-дан кем емес көрсеткішті құрайды.

Егер студент аралық аттестациядан (емтиханнан) «қанағаттанарлықсыз» баға алса, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

Аралық аттестаттаудың сол кезеңінде оны жоғарылату мақсатында қорытынды бақылау бойынша оң бағаны қайта алуға жол берілмейді.

Қорытынды сынақтың оң бағасын қайта тапсыру ақылы негізде келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде жүзеге асырылады.

F бағасын алған жағдайда студент курсты қайталауға (Қайта тапсыруға) құқылы, бірақ үш реттен артық емес. Пәнді қайталап оқу тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

Таңдау пәнінен қанағаттанарлықсыз баға алсаңыз, сол пәнді қайта оқуға немесе оны басқасымен ауыстыруға құқығыңыз бар. Тәртіпті ауыстыру кеңесшімен келісілуі керек.

Емтиханды «қанағаттанарлықсыз» бағадан оңға қайта тапсыру үшін студент қайтадан оқу пәніне тіркелу рәсімінен өтеді және осы пән бойынша жұмыс оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқуға рұқсат алады және қорытынды емтиханды тапсырады. бақылау.

Оқу жылының соңында жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, тіркеу бөлімі студенттің орташа балын есептейді.

(GPA) оқу жетістіктерінің деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде есептеледі:

$$GPA = \frac{Иц1* K1+ Иц2*K1+....Ицп*Kп}{K1+K2+Kп}$$

Иц1 – сандық көрсеткіштегі пәндер бойынша қорытынды бағалар;

K1 – кредит бойынша оқытылған пәндер көлемі;

n – бүкіл оқу мерзімінде оқытылған пәндердің саны.

Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім

алушы одан әрі оқу кезеңіне мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.

Оқуды оқытудың нормативтік мерзімінде аяқтау үшін білім алушыға курстан

курсқа ауыстыруға қойылатын талаптарды сақтау ұсынылады. Курстың мәртебесі, егер

студент оқуға қабылданса, оқу жылына қарамастан өзгереді:

- 2 курс мәртебесі үшін - 60-тан 90 кредитке дейін;

- 3 курс мәртебесі үшін - 120 кредиттен 180 кредитке дейін;

- 4 курс мәртебесі үшін-180 кредиттен бастап.

Магистратура

- 2 курс мәртебесі үшін - 60-тан 90 кредитке дейін.

Докторантура

- 2 курс мәртебесі үшін - 60-тан 120 кредитке дейін;

- 3 курс мәртебесі үшін - 120 кредиттен бастап.

Студенттердің бүкіл оқу кезеңінде оқу жетістіктерінің тарихы транскриптте көрсетіледі

Академиялық қарызды жою

Студенттің академиялық қарызы пән бойынша төмен рейтинг, емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алу немесе емтиханға келмеу нәтижесінде туындайды. Сабақты жіберіп алу себебін анықтағаннан кейін факультет деканы сабаққа жіберу немесе жібермеу туралы шешім қабылдайды.

Деканат келесі негіздер бойынша сабақтарға қабылдауды жүзеге асырады:

- түсіндірме беру;
